

Ақрап ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 20 шілдедегі № 6 "Ақрап ауылдық округінің елді мекендердің көшелеріне атау беру және атауларын өзгерту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Ақрап ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 7 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 қаңтардағы № 4150 болып тіркелді

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына және Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі № 121-V "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқарлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына сәйкес, Ақрап ауылдық округінің әкімі **шешім қабылдады:**

1. Ақрап ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 20 шілдедегі № 6 "Ақрап ауылдық округінің елді мекендердің көшелеріне атау беру және атауларын өзгерту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-7-125 тіркелген, 2011 жылғы 18 тамыздағы аудандық "Қобда" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің мемлекеттік тілдегі атауы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"Ақрап ауылдық округінің елді мекендердің көшелеріне атау беру және атауларын өзгерту туралы";

шешімнің орыс тіліндегі бүкіл мәтіні бойынша "аульного", "аула" сөздері тиісінше "сельского", "села" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа еңгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

Т. Омарғалиев